

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Заң
Факультеті**

6B04245 Құқықтану даярлау бағытының білім беру бағдарламасы бойынша

3-курс, ЗҚТ-311 тобымен өткізілген тәлімгерлік топ сағатының

ХАТТАМАСЫ

Түркістан қ.

13.11.2025 ж.

Қатысушылар: 3-курс ЗҚТ-311 топ эдвайзері және білімгерлері

Тәрбие сағат тақырыбы: Заң және тәртіп – тұрақты қоғам негізі

Өтетін орны: Сот залы 432 аудитория

Уақыты: 15:30 – 16:20

Күн тәртібі:

«Заң және тәртіп – тұрақты қоғам негізі»

(Дискуссия форматында)

Куратор М.М. Иманбекова кураторлық сағатты ашып, қатысушыларды «Заң және тәртіп – тұрақты қоғам негізі» тақырыбымен таныстырды. Тәрбие сағаты Сот залы – 432 аудиторияда, 15:30–16:20 уақыт аралығында өтті. Ол өз сөзінде қоғамның тұрақтылығы мен дамуы ең алдымен заңның үстемдігіне және әрбір азаматтың құқықтық санасының жоғары болуына тікелей байланысты екенін атап өтті. Заңға бағыну – тек міндет ғана емес, сонымен қатар елге деген құрмет пен жауапкершіліктің көрінісі екенін айтты. Куратор студенттерге Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген негізгі құқықтар мен міндеттер, заң алдындағы теңдік қағидалары жайлы түсіндіріп өтті.

Әңгіме барысында елімізде құқықтық мәдениетті арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан мемлекеттік шаралар туралы ақпарат берілді. Одан кейін студенттермен еркін пікір алмасу ұйымдастырылды. Әрбір студент өз ой-пікірін білдіріп, қоғамда заң мен тәртіптің сақталмауы қандай салдарға әкелуі мүмкін екені туралы мысалдар келтірді. Кейбір студенттер өмірден алынған нақты оқиғалармен бөлісіп, заңсыздыққа төзбеу мәдениетінің маңыздылығын атап өтті. Пікірталас барысында «Құқықтық мемлекет дегеніміз не?», «Жастар арасында заңға бағынушылықты қалай арттыруға болады?», «Тәртіп пен жауапкершіліктің өзара байланысы қандай?» деген сұрақтар талқыланды. Куратор студенттердің жауаптарын толықтырып, заң нормаларын сақтау әр азаматтың жеке және қоғамдық өміріндегі тұрақтылықтың кепілі екенін қорытындылады. Ол сонымен қатар студенттерді өз құқықтарын білуге, өзге азаматтардың құқығын

құрметтеуге және кез келген заң бұзушылыққа бейжай қарамауға шақырды. Кураторлық сағат соңында «Заңды сақтау – елге қызмет ету» атты қысқаметражды бейнеролик көрсетіліп, оның мазмұны бойынша талдау жүргізілді. Студенттер бейнероликтен алған әсерлерімен бөлісіп, өздерінің құқықтық мәдениет деңгейін арттыруға уәде білдірді.

Іс-шара жоғары деңгейде, тәрбиелік және танымдық бағытта өтті. Студенттер белсенділік танытып, құқықтық сана мен азаматтық жауапкершілік туралы терең түсінік қалыптастырды.

Эдвайзер: «Құқықтану» кафедрасының

PhD, қауымдастырылған профессор м.а. М.М. Иманбекова

Хатшы: ЗҚҚ-311 тобының топ басшысы Д. Құрманбек

Handwritten signature and initials







